

07161300 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

Мамандықтың сипаттамасы:

07161300 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы автомобиль техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностика жасауға қабілетті кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған.

Мамандықтың негізгі мақсаты – автокөлік техникасын диагностикалау, жөндеу және пайдалану саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларға ие, кәсіби құзыретті мамандар даярлау. Білім алушылар автомобиль агрегаттары мен жүйелерін жөндеу, техникалық диагностика, профилактикалық қызмет көрсету, көлік қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша дағдыларды меңгереді.

Оқу бағдарламасы автомобиль техникасы, қозғалтқыштар мен трансмиссиялар, электрондық жүйелер, диагностика және жөндеу технологиялары, қауіпсіздік техникасы, экологиялық талаптар және ақпараттық технологиялар пәндерін қамтиды. Теориялық білім практика және өндірістік сабақтар арқылы бекітіледі.

Түлектің кәсіби қызмет саласы:

- автокөліктерді техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталықтары;
- автосервистер мен жөндеу шеберханалары;
- көліктік кәсіпорындар;
- жеке кәсіпкерлік қызмет көрсету саласы.

Кәсіби қызмет объектілері:

- автокөліктер мен олардың агрегаттары;
- диагностикалық және жөндеу құралдары;
- техникалық қызмет көрсету процесі.

Осы мамандық бойынша колледж түлектері автомобиль техникасын жөндеуші, техник, сервис инженері немесе диагност маман ретінде кәсіби қызмет атқара алады.

3W07161301 – Автомобиль жөндеу слесарі

Біліктілікке сипаттама:

3W07161301 – Автомобиль жөндеу слесарі біліктілігі автокөліктің барлық агрегаттарын және бөлшектерін жөндеу, техникалық қызмет көрсету және профилактикалық жұмыстар жүргізуге қабілетті кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған.

Біліктілік иесі автомобильдерді диагностикалау, жөндеу, бөлшектеу және құрастыру жұмыстарын орындай алады, техникалық құжаттарды рәсімдейді және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтайды.

Кәсіби қызмет саласы:

- автосервистер мен жөндеу шеберханалары;

- көліктік кәсіпорындар;
- жеке кәсіпкерлік автокөлік қызметі.

Кәсіби қызмет объектілері:

- автокөліктер, агрегаттар мен механизмдер;
- диагностикалық және жөндеу құралдары;
- техникалық қызмет көрсету процесі.

3W07161302 – Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик

Біліктілікке сипаттама:

3W07161302 – Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик біліктілігі автокөліктің электрлік жүйелерін жөндеуге, баптауға және техникалық қызмет көрсетуге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Біліктілік иесі автомобильдердің электр қондырғыларын диагностикалап, жөндей алады, электрондық және электрлік схемаларды түсінеді, техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, пайдаланушыларға қызмет көрсетеді.

Кәсіби қызмет саласы:

- автосервистер мен жөндеу орталықтары;
- көлік құралдарының техникалық қолдау қызметтері;
- жеке кәсіпкерлік қызмет көрсету.

Кәсіби қызмет объектілері:

- автомобильдердің электр және электрондық жүйелері;
- диагностикалық жабдықтар;
- жөндеу және техникалық қызмет көрсету процестері.

4S07161304 – Техник-механик

Біліктілікке сипаттама:

4S07161304 – Техник-механик біліктілігі автокөліктерді техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану саласында кең ауқымды кәсіби құзыреттерге ие мамандарды даярлауға бағытталған.

Біліктілік иесі автомобильдерді кешенді диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және модернизациялау жұмыстарын жүргізеді, автокөліктің қозғалтқышы, трансмиссиясы, тежегіш жүйесі және электрондық жабдықтарын тиімді пайдалана алады. Сондай-ақ, өндірістік процестер мен техникалық құжаттаманы басқару дағдыларына ие.

Кәсіби қызмет саласы:

- автосервистер, жөндеу орталықтары;
- көліктік кәсіпорындар;
- техникалық қызмет көрсету және диагностика бөлімдері.

Кәсіби қызмет объектілері:

- автокөліктер, агрегаттар және олардың жүйелері;
- диагностикалық және жөндеу құралдары;
- техникалық құжаттама және сервис процесі.